

“Марал” бөбекжай- бақшасы МКҚК

Ертеңгіліктер ойын-сауықтар

Мерекелік ертеңгіліктер, көңілді сергітулер, сайыстар
мен іс-шаралардың жоспары мен бағдарламалары

2023 – 2024 оқу жылы



Мерекелік ертеңгіліктер, көңілді сергітулер, сайыстар мен іс-шаралардың жоспары

№	Тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	« Білім күні » білім күніне арналған мерекелік концерт	01.09.23 ж	Тәрбиешілер
2	«Күз келді, алақай» күз мерекесі	26.10.23ж	Саз жетекшісі
2	«Бауырсақ» Мақсаты: бұлшықеттердің әр түрлі топтарын созу және нығайту, жаттығуларды орындау кезінде бейнелік ойлауды дамыту, балаларды салауатты өмір салтына баулу. Ойын стретчингіне қызығушылығын тәрбиелеу. Бір-бірімен өзара іс-қимыл жасай білуді дамыту.	17.11.23ж	Тәрбиешілер Дене тәрбиесі нұсқаушысы
4	Ертегілер елінде	20.11.23ж	Педагогтар
5	«Тәуелсіздік – ел тірегі» мерекелік ертеңгілік	15.12.23ж	Тәрбиешілер
6	«Жасыл шырша жанында» мерекелік ертеңгіліктер	29.12.23ж	Саз жетекшісі
7	«Бұзбасаң ережелер сақтайды» ойын-сауық	09.01.24ж	Тәрбиешілер
8	Ата-анамен біріккен іс-шара «Көңілді көңіл күй!» ата-анамен ашық бірлескен шара	22.01.24	Педагогтар
9	Денсаулық мерекесі	әр тоқсанда	Тәрбиешілер
10	«Бала шақтан болашаққа ана тілімен» сайысы	Ақпан 2024	Топ тәрбиешілері
11	«Бөбек аруы» қыздар байқауы	Ақпан 2024	Топ тәрбиешілері
12	8 наурыз- аналар мерекесі «Асыл- ана»	Наурыз2024	Топ тәрбиешілері
13	«Армысың- Өз Наурыз» 22 наурыз мерекесі	Наурыз 2024	Саз жетекшісі
14	«Ертегілер елінде» сахналық қойылымы	Сәуір 2024	Педагогтар
15	«Толағай» сайысы	Сәуір 2024	Топ тәрбиешілері
16	«Бірлігіміз жарасқан» мерекелік ертеңгілік	Сәуір 2024	Топ тәрбиешілер
17	«Отан қорғаушылар күні»	Мамыр 2024	Топ тәрбиешілері
18	«Қош бол, балабақша!» ертеңгілігі	Мамыр 2024	Топ тәрбиешілері
19	«Бақытты балалық шақ»- балаларды қорғау күні	Маусым 2024	Тәрбиешілер

«Марал» бөбекжай-бақшасы МКҚК

«Көңілді көңіл күй!»

Ата-анамен ашық бірлескен іс- шараның бағдарламасы

«Күншуақ» ересек топтың ата-аналар сайысы

Тәрбиеші: Д.Қалдиева

2023-2024 оқу жылы

«Көңілді көңіл күй!» ата-анамен ашық бірлескен іс- шараның сценарийі.

Мақсаты: Ата-аналармен тығыз байланыс орнату, балаларды өнерге баулуда ынтымақтаса жүргізіген жұмыстың нәтижелі болатындығына көз жеткізу. Балалардың өнерге деген қызығушылықтарын арттыру.

Көрнекіліктер: Интерактивті тақта, музыкалық ұнтаспа, «Көңілді көңіл күй!» ата-анамен ашық бірлескен шараның тақырыптық слайды; музыкалық аспаптар(слайд) , әртүрлі ұлттар бейнеленген кәртішкелер.

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме құрметті ата-аналар, қадірлі қонақтар, әріптестер! Сәттілік тілей отырып, бүгінгі «Көңілді көңіл күй!» ата-анамен ашық бірлескен шарамызды бастауға рұқсат етіңіздер! Құрметті қонақтар, әріптестер, балабақша бүлдіршіндері және өнер сүйер қауым! Бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, бойында имандылық сана-сезім қалыптасқан, мәдениетті, дені сау ұрпақ өсіру отбасының балабақшаның міндеті екені баршамызға мәлім. Болашақта халқына қалаулы, еліңе елеулі, ата-ананың мақтанышы, білімді, өнерлі, ұрпақ өсіру жолында біздің балабақша ұжымы да аянбай жұмыс жасап келеді. Міне, бүгін бізде айтулы мереке, «Көңілді көңіл күй!» ата-анамен ашық бірлескен шара - отбасылық өнер сайысымызға қош келдіңіздер!

(1-слайд)

Жүргізуші: Қызады бүгін той сайыс,
Ортамызды ашайық!
Ән мен күйді төгілтіп,
Інжу маржан шашайық!

Ән: «Балаларға сол бақыт!» Балалар хормен орындайды.

Жүргізуші:Берекеде осында,
Мерекеде осында.
Болып жатыр той-думан,
«Балбөбек» балабақшасында!!!
Көңіл қойып қараңыз,
Жарасып тұрған бірлігі менен әні де,
Отбасы болған берекемі, мәнді де,
Жұптарды жанұясымен қошеметтеп,
Қол соғып қарсы аламыз!

Олай болса, жарысқа қатысушы топтарды қарсы алайық!

Музыка залына Қыдырәлі мен Қарақаттың орындауындағы «Ханзадам» көңілді ән әуенімен ата-аналар балаларымен яғни, жанұясымен шақырылады, келіп кіреді.

Жүргізуші: Өнерге биік сеніңіз,
Думанға қызық келіңіз.
Әділқазы ел сенген,
Өнерге баға беріңіз!

Жарысты бастамас бұрын әділқазылар алқасымен таныс болыңыздар!

(Әділқазылар алқасы 5 адам сайланады, меңгеруші, әдіскерлер, психолог-педагогтар; жоғарғы балл көрсеткіші, сайыстың шарттары таныстырылады, сайыстың әр турында әділқазылар алқасы «10», «20», «30», «40», «50»)

Жүргізуші: Ырыс-дәулет мол болсын,
Жылда осындай той болсын!
Жарысты енді бастайық,
Ал қанекей жол болсын!

1-бөлім. «Таудай биік шаңырақты, болаттай берік отбасы!»
Отбасылардың, жанұялардың өзін өзі таныстыруы. (2-слайдтар: Отбасылардың, жанұялардың өзін-өзі таныстыруға үйден дайындап алып келген слайдтары)

Жүргізуші: Ал енді әнге деген құмарлықтарыңызды «Әуенді тап» сайысы арқылы сынап көрейік.

2-бөлім. «Әуенді тап!» сайысы (3-слайд)

Жүргізуші: Біздің халық өнерге бай,
Әнші де, сал-сері де шыққан текті.
Әнді сүйсең, менше сүй деп, айтқан екен, - Абайдай дана атамыз!
Тыңдап алып, ән шумағын жалғастырамыз?

Қазір ән шумағының алғашқы жолының әуені ойналады. Әуенін тыңдап алып, сөзін дұрыс жалғастырып әннің қалай аталатынын айтуларыңыз керек. Қазақ композиторларының ән әуені ата-аналарға жасырылады.

Ата-аналарға жасырылатын әндер тізімі:

1. «Біз екеуміз» Музыкасын жазған: К.Нүсіпов; Сөзін жазған: Д.Бықыбаев.
2. «Жұбайлар жыры» Музыкасы мен сөзін жазған: М.Шаханов.
3. «Сырласу вальсі» Музыкасын жазған: Ә.Бейсеуов; Сөзін жазған: Ә.Дүйсенбиев.
4. «Ғашықтар жыры» Музыкасын жазған: К.Дүйсекеев; Сөзін жазған: Ш.Сариев.
5. «Қуә бол» Музыкасын жазған: Н.Тілендиев; Сөзін жазған: Т.Молдағалиев.

3-бөлім. «Қазақ халқының музыкалық аспаптары» сайысы (4-слайд)

Жүргізуші: Дыбысы оның мың сырлы,
Бал бұлақтай күмбірлі.
Ынта қойып тыңдайық,
Ол аспаптың бір түрі.

Келесі сайысымыз «Қазақ халқының музыкалық аспаптары» деп аталады.

Асатаяқ, Тұяқтас, Жетіген, Домбыра, Қобыз (4-слайд)

Музыкалық аспаптар жасырылған ұяшықтарды таңдаған кезде, сізге қай аспап шықса сол аспаптың атын атып, таныстырасыз.

4-бөлім. «Әр түрлі Ұлттардың ұлттық биі» сайысы (5-слайд)

Жүргізуші: Жас дәуренім жалында,
Айнал арман ағынға.
Биле, биле, жастық шақ,
Шалқып тасар шағында.
Кел билейік, кел достар, құрдастар,
Кел билейік, замандас, сырластар.
Қосыл, құрбым күйге сен, күйге сен!
Биле, жастық, биле сен, бсле сен,

Бір жасайық, кел достар, құрдастар,
Сырласайық, замандас, сырластар!

-деп, келесі би сайысында жұптарыңызбен, жұбайларыңызбен өнер көрсетесіздер.
Келесі кезекті «Әр түрлі Ұлттардың ұлттық биі» сайысын бастаймыз! Жасырылған
карточкаларда жұптарыңызға қандай ұлттың биін билеу тапсырылса, сол ұлттың
биін билеп берулеріңізді сұраймыз.

Карточкаларда: Қазақтар; Өзбектер; Шешендер; Орыстар; Тәжіктер;

Жүргізуші: Кедеймін деп қысылма,
Өнерін болса қолында.
Өнерлінің ырысы,
Жарқырап жатыр жолында.

5-бөлім. «Ойымды жалғастыр» сайысы(6-слайд)

1.Өнерді үйрен,

Үйрен де жүрен.

2.Өнер алды - қызыл тіл,

3.Өнер таусылмас азық,

Жұтамас байлық.

4.Өнер көзі - халықта.

5.Өнерлі өрге жүзер.

6.Ақыл көпке жеткізер,

Өнер көкке жеткізер.

7.Өнер адамның көркі,

Қалай жұмсаса да өз еркі.

8.Өнерлінің өзегі талмас.

9.Өнерлінің қол алтын,

Өлеңінің сөзі алтын.

10.Асыл тастан шығады.

Өнер жастан шығады.

11.Өнерлі жігіт өрге озар,

Өнерсіз жігіт жер соғар.

6-бөлім. «Өнерпаз болсаң арқалаң» сайысы(7-слайд)

Жүргізуші: Ата – аналар өнерімен тәнті етпек,

Өнерлі адам жеңеді бар қиындықты.

Сайысқа келген өнерлі отбасылар,

Ән де айтып, би билеп, күй де шертіп,

Тамсандырар барлығы дүйім жұртты, дей келе, келесі кезекті

«Өнерпаз болсаң арқалаң»деп аталатын өз өнерін көрсету сайысына береміз!

Ата - аналар өз балаларымен өз өнерлерін көрсетеді.Әділқазылар бағасын береді.

Ән: «Ата-ананы тыңдаймыз!» Балалар хормен орындайды.

Қортынды:

Жеңімпаздарды, қатысушыларды марапаттау.

«Марал» бөбекжай-бақшасы МКҚК

Спорттық ойын-сауық
"Бауырсақ"
«Күншуақ» ересек топ

Тәрбиеші: Д.Қалдиева

2023-2024 оқу жылы

«Бауырсақ»

Мақсаты: бұлшықеттердің әр түрлі топтарын созу және нығайту, жаттығуларды орындау кезінде бейнелік ойлауды дамыту, балаларды салауатты өмір салтына баулу. Ойын стретчингіне қызығушылығын тәрбиелеу. Бір-бірімен өзара іс-қимыл жасай білуді дамыту.

Міндеттер:

- балаларды ойын стретчинг жаттығуларымен таныстыру;
- дұрыс арқа қалыптастыруға ықпал ету;
- аяқ, арқа, іш, қол бұлшық күшін нығайту және дамыту;
- балалардың икемділігін, қозғалыстарын үйлестіруді, назарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Әдіс-тәсілдері:

- Ойын әдісі: жаттығуларды ойын түрінде пайдалану.
 - Көрнекі-тактильді-бұлшықет тәсілдері: нұсқаушының тікелей көмегі,
 - Көрнекі-көрнекі қабылдау: көру бағдарлары, дене жаттығуларын көрсету, имитация;
 - Көрнекі-есту: музыка.
 - Ауызша: түсініктеме, түсініктеме, нұсқау, команданы беру, әңгімелесу, көркем сөз, балаларға сұрақтар.
 - Практикалық: жаттығуларды қайталау, жаттығуларды ойын түрінде өткізу
- **Денсаулық сақтау технологиялары:**
- **Денсаулықты сақтау және ынталандыру технологиялары:** ойын стретчингі/статикалық/, ритмикалық гимнастика, релаксация, тыныс алу гимнастикасы, түзету гимнастикасы.
 - **Түзету технологиялары:** музыкалық әсер ету, ертегі терапиясы элементтері

Құрал-жабдықтар:

Спорттық жабдықтар-гимнастикалық кілемшелер

Акт-презентация. Музыкалық бағдарламалық материал-босаңсуға арналған музыканың аудиожазбасы. Ертегі тыңдау, педагогтың көрсетуі бойынша қозғалыстарды қайталау, босаңсуға релаксация.

Кіріспе бөлімі: Сәлеметсіз бе балалар! Мен сендерді ертегі еліне шақырғым келеді. Біріміздің артынан біріміз тұрамыз, Менімен бірге ертегіге барамыз. Саппен бірінің артынан бірі жүру, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүру. Жеңіл жүгіріп, жүру. (тыныс алуға арналған жаттығу)

Балалар, біз бүгін «Бауырсақ» ертегісін ойнаймыз. Мен ертегіні айтамын, ал сендер маған көмектесіп тұрасындар. Және де ертегіні қимылмен көрсетеміз. Бастамас бұрын арқа омыртқамызды созып алайық. Біріншіден жерге отырайық, аяқты алшақ ашып, аяқтың ұшын жоғарыға созамыз, арқа омыртқаны түзу ұстаймыз.

Ойын стретчингіне арналған бауырсақ ертегісі.

Ерте — ерте ертеде, ата мен әже өмір сүріпті. Бір күні ата әжеге былай деді.

(ата) : Кемпірім-ау, кемпірім-ау, маған бауырсақ пісіріп берші.

(әже): Неден пісірейін? Қоймадағы қаптың түбін қырып көр. Әже солай жасады, қаймаққа нан илеп, оны майға қуырып бауырсақ пісіріпті. Бауырсақ, бауырсақ, бауырсақ, қызғылт түсті бауырсақ.

Б.к: Жерде отырып , аяқты сәл алшақ ашу. Денені алға еңкейтіп , саусақы еденге тіреу. Оң және сол қолмен кезектесіп қамырды илеу және бауырсақты домалату қолмен көрсетіп қырады. Міне бауырсағымыз да дайын. Әже бауырсақты пештің үстіне қойып қойды.

Б.к: Жерде отырып , аяқты сәл алшақ ашу, оң және сол аяққа иілу. (Оң жаққа қарай майға бауырсақты салып айналдыру, сол жағына да айналдыру) Бауырсағымызда қызғылт болып,әдемі пысады (алақандарын көрсетеді), әже бауырсақты терезе алдына қояды, ол терезеден секіріп орманға қарай жолмен домалап кетеді. Домалап келе жатқанда алдынан қоян шығады. Мен қоянмын қоянмын, қайда секіргім келсе сонда секіремін. Көңілді мен қоянмын қайда секіргім келсе сонда секіремін.

Б.к: Аяқ бірге, қол белде. Бір орында тұрып қос аяқпен секіру. Аяқты алшақ ашып, қосып секіру. Бауырсақ жолмен домалап кетеді, бірақ қоян ғана оны көрді (шеңбермен жүгіру) Домалап келе жатып алдынан қасқыр шығады. Ал қасқыр бізде спортшы және мықты.

Б.к: Жерде отыру, қолдары артында 1 оң жақ бүгілген (сол)аяқты өкшеге қою 2 бастапқы қалыпқа оралу.(3-4 рет)

Б.к: Жерде отыру, қолдары артында 1 оң және сол бүгілген аяқты бір мезгілде өкшеге қою, 2 бастапқы қалыпқа келу. Домалап келе жатқанда бауырсақты ары қарай қасқыр ғана көреді. (шеңбермен жүгіру) Домалап келе жатып алдынан аю шығады. Мен талтандаған аюмын, аяқтарын кең қойып. Аю орманнан кележатып, өзіне тәтті бал іздеді.

Б.к: Аяқ иық деңгейінде, қол белде 1 отыру,2 тұру бастапқы қалыпқа келу.(3-4 рет) Бір жағынан екінші жағына айналу. Бауырсақ домалап келе жатқанда ары қарай оны аю ғана көреді. (шеңбермен жүгіру) Домалап келе жатып алдынан түлкі шығады. Мен сұр құйрықты түлкімін, Кел оданда сен маған қонаққа. Бәліш пысырамыз. Сосын үлкен кәсемен шәй ішеміз.

Б.к: Жерде отыру. Балалар ән мәтіні бойынша қимыл-қозғалыспен кәрсетеді. (Шәйнек қақпағымен) Түлкі шай ішіп, бәлішке тойғандықтан бауырсақты жеген жоқ. Емін еркін бауырсақ би биледі.

Ән «секір,секір бауырсақ»


Әже: Міне менің бауырсағым да аман есен келді, алыс жолдан келден, қане мен сені жатқызайын (балаларға допты алуды ұсынды) Балалар допқа бастарын қойып, елестетіп жатады. **Әже:** мен де ұйқтап алайын. Әже ұйқтап кеткен кезде, бауырсақтар жерде домалай бастады. Әже оянганда бауырсақтар ұйқтай жәнеледі. Ойын 3 рет жалғасады.

Міне ертегіміз де аяқталды. Ал кім тындады соған рахмет, ойнап көрсеткен балалар мықты болды. Балалар шеңберге тұрады.

Саусақ жаттығуы: «Қырға шықты құмырсқа»

Бармақ болып жұмысқа,
Қырға шықты құмырсқа,
Тоңып кетіп аяғы,
Қырға қайтып шығады.
Ой – ой – ой,
Әне аю келеді.
Құмырсқаны көреді.
Енді қайтып құтылар,
Илеуіне тығылар.

Жылу пайда болғанша алақандарын уқалайды. Беттерін, құлақтарын, бастарын, йықтарын және қол аяқтарын ұқалайды.

A decorative border made of small pencil icons arranged in a rectangular frame around the page.

«Бұзбасаң ережелер сақтайды»

«Күншуақ» ересек тобы

Тәрбиеші: А.Қоянбаева

2023-2024 оқу жылы

Жүргізуші: - Балалар, бізді бүгін қонаққа Ереже атай шақырды. Сендер қонаққа барғыларың келе ме?

(балалардың жауабы)

Жүргізуші: - Бірақ, бір мәселе бар, мен сендерге келе жатқанда жолдан хат тауып алдым, сол хаттың ішінде жұмбақтар бар екен. Сол жұмбақтардың шешімін тапсақ, бізге жол көрсеткіш орама жіп беріледі екен.

Жұмбақтар:

Танауында арқаны,
Бір батып, бір шығып,
Алға қарай тартады. (Ине)

Жалғыз аяқ, тілік ерін,
Тұмсығында найзасы бар.
Киімдерді тігіп керім,
Адамға көп пайдасы бар. (Іс машинасы)

Екі басы дөңгелек,
Екі ұшы сүйір,
Қиғанға үйір. (Қайшы)

Інді көп-ақ қазады,
Өзі шыға қашады. (Біз)

Бассаң түймесін,
Шашады сәулесін. (Электр шамы)

Көгілдір түсі бар,
Тас балқытар күші бар. (Газ)

Жүргізуші: - Жарайсыңдар балалар, қараңдар. Біздің алдымызда орама жіп жатыр. Ол бізге Ереже атайға жол көрсетеді. Балалармен жүргендей болады. Шаршаған шығарсыңдар. Ойын ойнап жіберейік.

Ойын: «Қауіпсіз- қауіпті»

Құралдар: қауіпті – қауіпсіз суреттер бар карточкалар, 4 орындық.

Жүргізуші: - 1 топ қауіпті суреттерді жинайды, ал қауіпсіз суреттер бейнеленген карточкаларды 2 топ жинайды.

Осы уақытта Дымбілмес кіріп келеді.

Дымбілмес: Балалар, мен өтіп бара жатып, сендердің дауыстарыңды естідім. Мұнда не болып жатыр?

(балалар Ереже атайдың әлеміне бара жатқандарын айтады.)

Дымбілмес: мен де сендермен барсам болады ма?

(Балалардың жауабы).

Алдарынан Ереже айтай шығады.

Ереже атай: Сәлеметсіңдер ме, балалар. Бүгін сендерге өмірде қажетті ережелермен таныстырамын.

Дымбілмес: Ережелер деген не? Олардың өмірде не қажеті бар. Маған ештеңе де қажет емес.

Ереже атай: жоқ қателесесің, барлық заттың өз ережелері бар?

Мысалы, мен саған сұрақ қояйын, сен сол сұраққа жауап бер. Сен жолды өткенде бағдаршамның қай түсі жанғанда өтесің?

Дымбілмес: Қызыл түске өтемін немесе жолдың кез келген жерімен өте беремін.

Ереже атай: балалар, Дымбілмес дұрыс айтып жатыр ма?

Балалар: жоқ жолдың ортасымен және бағдаршамның қызыл түсіне өтуге болмайды.

Жүргізуші: балалар, Дымбілмеске бағдаршамның қай түсіне өтуге болатынын айтыңдаршы.

Балалар: Бағдаршамның жасыл түсіне өту керек.

1-бала: : Көше заңын білмесең,

Үлкенменен жүр бірге сен.

Олардан кетпе алыстап

Қолдарынан алыстап,

Көше заңын оқи жүр,

Көңіліңе тоқи жүр.

Жасама әсте ағаттық,

Аялдай тұр ағаттық.

Дымбілмес: енді ЖЖЕ міндетті түрде бұзбаймын.

Ойын: «Машина мен торғай»

Ойын шарты: балалар қанаттарын қағып ұшып жүреді. Бір бала машина болып барлық торғайларды қуады.

Жүргізуші: Ереже атай біздің балалар тақпақ біледі.

Тақпақтар:

Балалар: От жақпа, күйерсің,

Өртеніп жүрерсің.

Сіріңкені ұстасаң,

Бәлеге сен түсерсің.

Балалар: Оттың ісі қуырмақ,

Желдің ісі суырмақ.

Қазір жанған жалынды,

Алып – ұшып қуаламақ.

Ереже атай: Олай болса, балалар мен сендермен «Қателеспе» деген ойын ойнағым келеді.

Ойынның шарты: отта жанатын заттарды айтқанда қолды жоғары көтереміз, отта жанбайтын заттар айтылғанда қолымыз төменде болуы шарт.

Сөздер: қағаз, терезе, жапқыш, дәптер, киімдер, жиһаздар, шөптер, бензин, жапырақтар, ағаштар, кітаптар, шеге, әйнек, қасық, металл, мұз, қар, тас, су.
Ереже атай Дымбілмеске сұрақтар қояды. (ол білмегендей кейіп танытады)
Балалар көмектеседі

Ойын: «Кім шапшаң?»

Ойын шарты: Берілген сұрақтарға жылдам жауап беру керек.

- Өрт сөндіретін адамды қалай атайды? (өрт сөндіруші)
- Өрт сөндірушінің адамдарға қандай көмегі бар? (олар үйдегі, ормандағы өрттерді сөндіреді)
- Олардың жұмысы қандай? (адамдарға қажет, өте ауыр, қиын)
- Өрт сөндірушілер қандай болу керек? (батыл, өжет, шапшаң, епті)
- Олар неге батыл, шапшаң болу керек? (өйткені өрт кезінде адамдарды, т.б. құтқарады)
- Өрт болған кезде қандай нөмерге телефон шалу керек? (101)
- Өрт сөндірушіге телефон шалған кезде қандай мағлұматтар беру керек? (не болғанын, мекен – жайын айту).

Ереже атай: балалар менің сендерге жұматарым бар. Шешімін аба аласыңдар ма?

Қызыл сиырды байлап салдым,
Көк сиырды айдап салдым.
/От, түтін/.

Бір жансыз бір жансыздың жанын алар.
/От/.

Жалт-жұлт етеді,
Жалмай-жалмай жұтады.
/От/.

Жаурағанды күлдірер,
Аяғы жоқты жүргізер,
Өз еркіне жіберсең,
Дүниені бүлдірер.
/От/.

Қара сиырым қарап тұр,
Қызыл сиырым жалап тұр.
/Қазан мен от/.

Бір қара өгізге екі теңдей-теңдей жүк арттым,
Бір бала үстіне мінгізіп шылым тарттым.
/Пеш, мұржа/.

Боп, боп, бопылдақ,
Бопылдақ үсті үш тармақ.
Үш тармақта соқыр шақ,
Соқыр шақ үсті жез қармақ.
/Күл, ошақ, қазан, тамақ, шөміш/.

Ереже атай: балалар, жарайсындар. Балалар сірңкемен ойнауға болады ма? Балалардың жауабы.

Қимылды ойын: «От пен су»

Ойынның шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. Бірі қызыл лентаны тағып, от болып қашады. Ал көк лента таққан балалар су болып қуалайды. Ойын 2-3 рет қайталанады.

Ойын: «Болады – болмайды»

Ойынның шарты: Қолдарыңа мына бағдаршамды алыңдар. Қызыл түсті – болмайтын жағдайда көтересіңдер, ал жасыл түсті – болатын жағдайда көтересіңдер.

- Өрт болғанда 101 нөміріне қоңырау шалуға.....
- Жанып тұрған сіріңкені тастауға.....
- Үлкендерді айқайлап көмекке шақыруға.....
- Өрт шыққан жерде қалуға.....
- Өрт кезінде керует астына, шкаф ішіне тығылуға.....
- Өрт кезінде есік, терезені ашуға.....
- Басымызды, бет – ауымызды ылғал сүлгімен орауға.....
- Өрт кезінде жарға, еденге су шашуға.....
- Лифтіні пайдалануға.....
- Қорықпай өрт сөндірушінің айтқанын тындауға.....
- Көршілерден көмек сұрауға.....
- Өрт кезінде газды, жарықты, тоққа қосылатын құралдарды қосуға.....

Ереже атай: балалар сендерге айтар тағы бір ақылым бар: Өзге, бөтен адамдармен сөйлесуге болмайды. Үйде өз беттеріңмен газды қосуға болмайды.

Дымбілмес: рахмет, сендерге Ереже атай, балалар, сендердің арқаларыңда біраз нәрсені ұғып алдым. Енді осы ержелерді есімде сақтайтын боламын.

Жүргізуші: рахмет сізге Ереже атай. Балалар біздің топқа оралатын балабақшаға оралатын уақытымыз болды. Қоштасады. Сыйқырлы орама жіппен балабақшаға оралады.

Жүргізуші: балалар осымен біздің қауіпсіз іс-шарасына арналған ойын-сауық, ертеңгілігіміз аяқталды.